

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Мемлекет және құқық теориясы негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Мемлекет механизмі

- A) мемлекеттің әлеуметтік мәні мен маңызын көрсететін мемлекет қызметінің негізгі бағыттары
- B) мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік органдардың жүйесі
- C) мемлекеттік органдарды құру мен олардың қызмет етуінің негізгі бағыттарын анықтайтын бастамашылық ережелер
- D) мемлекеттің функцияларын жүзеге асыратын оның органдарының біртекті қызметі
- E) қоғамдық қатынастарға нәтижелі және нормативті ұйымдастырылған әсер ету механизмі

2. Субъектінің жасалған іс-әрекетке және оның салдарына психикалық қатынасы, құқықбұзушы еркінің бағыттылығы

- A) құқықбұзушылықтың объектісі
- B) құқықбұзушылықтың субъектісі
- C) құқықбұзушылықтың субъективті жағы
- D) құқықбұзушылықтың объективті жағы
- E) құқықбұзушылықтың құрамы

3. Қазақстандағы мемлекет басшысы

- A) Президент
- B) Парламент
- C) Үкімет
- D) Халық
- E) Патша

4. Құқықты түсіндіру актісі

- A) нақты заңдық істі шешу нәтижесінде құқықтық орган шығаратын акт
- B) заң негізінде және оларды орындау мақсатында қабылданған акт
- C) заңдық нормалардың мағынасын түсіндіретін құқықтық акт
- D) ерекше тәртіпте қабылданған, жоғарғы заңдық күшке ие құқықтық акт
- E) мемлекеттік биліктің қатаң анықталған жоғарғы органдарының актісі

5. Құқықтану ғылымдарының негізін салушы ғылым

- A) Мемлекет және құқық теориясы
- B) Азаматтық құқық
- C) Экологиялық құқық
- D) Еңбек құқығы
- E) Әкімшілік құқық

6. Құқықтық сана функциялары

- A) жеке, топтық, қоғамдық
- B) психология, идеология, жүріс-тұрыс
- C) халықтық, ұлттық, таптық
- D) қарапайым, кәсіби, ғылыми
- E) танымдық, бағалаушылық, реттеуші

7. Адамдардың құқыққа қатынасын білдіретін құқықтық көзқарастардың, түсініктердің, қағидалардың, сенімдердің жүйеленген ғылыми көрінісі

- A) құқықтық сана
- B) құқықтық мәдениет
- C) құқықтық тәрбие
- D) құқықтық идеология
- E) құқықтық психология

8. Еңбек қатынастары саласында жүзеге асырылатын, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер қызметінің ішкі тәртібіне нұсқан келтіретін құқықбұзушылықтар

- A) азаматтық
- B) әкімшілік
- C) конституциялық
- D) тәртіптік
- E) қылмыс

9. Құқықтық сананың құрылымы

- A) құқықтық психология және құқықтық идеология
- B) кәсіби және ғылыми құқықтық сана
- C) топтық және қоғамдық құқықтық сана
- D) құқықтық идеализм және құқықтық нигилизм
- E) құқықтық идеялар және құқықтық теориялар

10. Заңды жауапкершілік функциялары

- A) танымдық, бағалаушылық, реттеуші
- B) қылмыстық, азаматтық, әкімшілік
- C) жазалаушы, қалпына келтіруші, тәрбиелік
- D) императивті, диспозитивті
- E) реттеуші, қорғаушы

11. Мәжіліс пен сенаттан тұратын заң шығаратын орган

- A) Үкімет
- B) Сот
- C) Прокуратура
- D) Парламент
- E) Салық комитеті

12. Антидемократиялық саяси режимнің нышандары

- A) Мемлекетте бір ғана саяси партия үстемдік етеді
- B) Бір ғана идеология үстемдік етеді, идеологиялық плюрализм болмайды
- C) Конституция шеңберінде еркін, бостандық жағдайында әрекет етеді
- D) Мемлекет өз органдарын сайлау жолымен құрады
- E) Сайлау жолымен құрылған органдар болмайды, демократиялық партиялар мен ұйымдарға тыйым салынады, демократиялық құқықтар мен бостандықтар шектеледі

13. Субъектілері бойынша талқылау түрлері

- A) ресми, бейресми
- B) нормативті, казуалдық
- C) ғылыми, кәсіби, әдеттегі
- D) аутентикалық, легалды
- E) соттық, үкіметтік

14. «Отбасы, жеке меншік және мемлекеттің пайда болуы» деген ғылыми еңбектің авторы

- A) Ф.Энгельс
- B) Дж.Локк
- C) Ф.Аквинский
- D) Л.Петражицкий
- E) Э.Фром

15. Құқықтық реттеу пәні бойынша құқық қолдану актілерінің түрлері

- A) жарлық, үкім, шешім
- B) реттеуші және қорғаушы
- C) негізгі және көмекші
- D) материалдық және іс жүргізушілік
- E) қылмыстық құқықтық, азаматтық құқықтық

16. Заңды жауапкершіліктің әділеттілік қағидасы

- A) жауапкершіліктің тек құқықбұзушылық үшін ғана қолданылатындығын білдіреді
- B) істің жағдайларын объективті түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді
- C) адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салу
- D) жазаның кінәға сәйкестігін, кінәліге бір құқықбұзушылық үшін бір ғана жазаны тағайындауды білдіреді
- E) жасалған құқықбұзушылық үшін жауапкершіліктің міндеттілігін білдіреді

17. Құқықтық сананың танымдық қызметі

- A) «құқықтық дайындық» түсінігінен көрініс табатын және ойлану қызметінің нәтижесі болып табылатын заң білімдерінің белгілі бір жиынтығы
- B) тұлғаның құқықтық өмірдің әртүрлі жақтары мен көрінісіне өтіл мен құқықтық тәжірибе негізіндегі белгілі бір эмоционалдық қатынасы
- C) құқықтық көзқарастар мен құндылық-құқықтық бағыттылық арқылы іске асады
- D) тұлғаның заңды маңызы бар жағдайларда әрекет ету бағдарламасын тікелей қалыптастыратын құқықтық көзқарастарының жиынтығы
- E) тұлғаның белгілі бір түрде ақпараттарды, процесстерді, құбылыстарды қабылдауға және бағалауға бейімділігі

18. Ресми түсіндірудің түрлеріне қарай түсіндіру актілері

- A) қылмыстық, азаматтық түсіндіру актілері
- B) нормативтік және казуалдық түсіндіру актілері
- C) материалдық және іс жүргізушілік түсіндіру актілері
- D) сот, прокуратураның түсіндіру актілері
- E) қаулы, бұйрық, нұсқау

19. Казуалды талқылау

- A) заңдық салдар тудырмайтын түсінік беру
- B) нақты істі қарау кезінде міндетті болатын түсіндіру
- C) жоғарыда тұрған органның төмендегілерге түсіндіруі
- D) белгіленген құқық саласының істерін шешуде міндетті түсінік беру
- E) құқықтық норманы шығарған органның өзінің түсіндіруі

20. Заңды табиғаты бойынша құқық қолдану актілерінің түрлері

- A) жарлық, үкім, шешім
- B) реттеуші және қорғаушы
- C) негізгі және көмекші
- D) материалдық және іс жүргізушілік
- E) қылмыстық құқықтық, азаматтық құқықтық

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру
А) халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыс
В) экологиялық қылмыс
С) меншікке қарсы қылмыс
D) басқару тәртібіне қарсы қылмыс
E) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс

2. Құрамында есірткі заттары бар өсімдік болып есептеледі
А) ермен
В) жусан
С) жүгері
D) сора
E) долана

3. Үкімдер жиынтығында бас бостандығынан айырудың мерзімі аспау керек:
А) 25 жылдан
В) 30 жылдан
С) 20 жылдан
D) 12 жылдан
E) 10 жылдан

4. Рақымшылық актісіне қол қояды
А) Сенат төрағасы
В) ҚР Президенті
С) сот төрағасы
D) прокурор
E) еңбекпен түзеу мекемесінің әкімшілігі

5. Жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе таратудың объективтік жағы
А) әрекетсіздік
В) әрекет
С) немқұрайлылық
D) тікелей қасақаналық
E) абайсыздық

6. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыс түрлеріне жатпайды
- A) бейбітшілікке қарсы қылмыстар
 - B) адамзатқа қарсы қылмыстар
 - C) халықаралық қорғау аясындағы адамдар мен ұйымдарға қарсы қылмыстар
 - D) соғыс қылмыстары
 - E) қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстар
7. ҚР еңбек заңнамасын бұзудың субъективті жағы
- A) тікелей қасақаналық
 - B) абайсыздық
 - C) менменділік
 - D) қасақана және абайсызда
 - E) немқұрайлылық
8. Журналистік заңды кәсіптік қызметіне кедергі келтірудің субъектісі
- A) 14-ке толған кез келген есі дұрыс адам
 - B) 16-ға толған кез келген есі дұрыс адам
 - C) 17-ге толған кез келген есі дұрыс адам
 - D) 18-ге толған кез келген есі дұрыс адам
 - E) 20-ға толған кез келген есі дұрыс адам
9. Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды дұрыс есептемеудің тікелей объектісі
- A) адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу
 - B) сөз бен шығармашылық еркіндігі
 - C) денсаулығы
 - D) еңбек заңнамасын бұзу
 - E) сайлау құқығы, референдумға қатысу құқығы
10. Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзудың субъективтік жағы
- A) әрекетсіздік
 - B) әрекет
 - C) немқұрайлық
 - D) тікелей қасақаналық
 - E) абайсыздық
11. Адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың топтық объектісі
- A) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары
 - B) ата-аналар мен балалардың арасындағы отбасылық қатынастар
 - C) адамзат қауіпсіздігі
 - D) халықтың денсаулығы
 - E) адамның салауатты өмір салты

12. Кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартудың объективтік жағы

- A) әрекетсіздік
- B) әрекет
- C) немқұрайлық
- D) қасақаналық
- E) абайсыздық

13. Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту субъектісі

- A) он алты жастан
- B) жиырма бір жастан
- C) он сегіз жастан
- D) отыз жастан
- E) жиырма жастан

14. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылық объектісі

- A) адамның денсаулығы мен өмірі
- B) ата-аналар мен балалардың арасындағы отбасылық қатынастар
- C) кәмелетке толмағандардың дене және адамгершілік тұрғысынан дұрыс дамып, тәрбиеленуі
- D) халықтың денсаулығы
- E) адамның салауатты өмір салты

15. Күрделі қатысу:

- A) адамдардың алдын-ала сөз байласуынсыз болатын қатысуда мүмкін емес
- B) тек қылмыстық қауымдастықта мүмкін
- C) бірнеше адамдардың алдын ала сөз байласуында мүмкін емес
- D) ұйымдасқан топта мүмкін емес
- E) қатысудың барлық нысанында мүмкін

16. Тұтқынға өз еркімен берілудің субъективтік жағы

- A) абайсыздық
- B) тікелей қасақаналық
- C) менмендік
- D) немқұрайлылық
- E) жанама қасақаналық

17. Мародерлік деп

- A) кез - келген адамның мүлкін жасырын түрде ұрлау
- B) Бөтеннің мүлкін ашық түрде ұрлау
- C) жараланғандардың өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану арқылы шабуыл жасау
- D) шайқас алаңында өлгендер мен жараланғандардың заттарын жымқыру
- E) шайқас алаңында жараланғандардың мүлкін иелену мақсатымен оларға шабуыл жасау

18. Тұтқынға өз еркімен берілу ұғымы

- A) басқа мемлекетке ақшаға сатылу
- B) отанға опасыздық жасау
- C) бөтен мемлекетке көмек көрсету
- D) қызметтік салақтықтан
- E) қорқақтық немесе жігерсіздік салдарынан тұтқынға берілу

19. Қашқындық қылмысының мақсаты

- A) басқа жұмысқа ауысу
- B) өзіне командирдің назарын аударту
- C) әскери қызметтен жалтару
- D) ұрып соғудан қашу
- E) жарғылық қағиданы бұзу

20. Адамзатқа қарсы қылмыстар

- A) геноцид, экоцид
- B) жалдамалылық
- C) соғыс заңдары мен дәстүрлерін бұзу
- D) басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу
- E) адамды клондау

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Тонау деп

- A) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу
- B) бөтеннің мүлкін ашық жымқыру
- C) бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру
- D) бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатындағы шабуыл
- E) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкіне құқықты иемдену
- F) бөтеннің мүлкін күш көрсетіп алу
- G) бөтеннің мүлкін бопсалап алу
- H) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу

22. Ұрлық деп

- A) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу
- B) бөтеннің мүлкін ашық жымқыру
- C) бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру
- D) бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында шабуыл жасау
- E) алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкіне құқықты иемдену
- F) бөтеннің мүлкін күш көрсетіп алу
- G) бөтеннің мүлкін бопсалап алу
- H) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу

23. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырататын мән-жай

- A) қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы
- B) қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру
- C) кінәлінің кәмелетке толмауы
- D) қылмыстардың қауіпті қайталануы
- E) жүктілік жағдайда екені белгілі әйелге қатысты жасалса
- F) кінәлі адамның жас балаларының болуы

24. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай

- A) кінәлі адамның кәмелетке толмауы
- B) қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру
- C) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан қылмыс жасау
- D) жүктілік
- E) мас күйінде қылмыс жасау
- F) кінәлі адамның жас балаларының болуы

25. Қылмыс істелу уақытының ұзақтығына қарай бөлінеді:

- A) Жалғаспалы, қайталанған
- B) Жалғаспалы
- C) Созылмалы
- D) Созылмалы, қайталанған
- E) Ұзартылған, жалғастырылған
- F) Созылмалы, қысқартылған

26. Есі дұрыс емес адамға тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының орындалу тәртібі белгіленеді:

- A) Қылмыстық-атқарушылық кодексі
- B) Денсаулық сақтау туралы заңда
- C) Сот және судьялардың мәртебесі туралы заңда
- D) Қылмыстық кодексте
- E) ҚР Конституциясында
- F) Прокурорлық қадағалау туралы заңда

27. Қылмыс субъектісінің белгілері:

- A) жасы
- B) есі дұрыстығы
- C) даму деңгейі
- D) білім деңгейі
- E) өскен ортасы
- F) жасы, денсаулығы

28. Қылмыстың объективтік жағының факультативті белгілері болып табылады

- A) Қылмыс орны, уақыты
- B) Әрекет, әрекетсіздік, қылмыс жасалған орын
- C) Қылмыстық зардап көлемі, қылмыс жасалу тәсілі
- D) Құқық бұзушылықтан туған зардап көлемі, объектінің маңызы
- E) Себепті байланыс, қылмыс жасалу жағдайы, қылмыс құралы
- F) Тәсілі, құралы, жағдайы

29. Егер адам пара берушіден ақша немесе басқа құнды заттарды лауазымды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса жасаған әрекет

- A) қызметтік жалғандық жасау
- B) парақорлыққа делдал болу
- C) пара алу
- D) заңсыз сыйақы алу
- E) параға коммерциялық сатып алу
- F) алаяқтық
- G) парамен коммерциялық сатып алуға және парақорлыққа арандату

30. Коммерциялық және өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның өкілеттіктерін теріс пайдалануы құрылысы жағынан:

- A) материалдық
- B) формальдық
- C) формальді –материалдық
- D) қысқартылған
- E) күрделі құрам
- F) аралас құрам
- G) жәй құрам

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Асанов атқарушы органдарда жұмыс жасайтын танысы Хамитовқа жеке кәсіпкерлігі бойынша бір құжатты тездетіп жасап беруін өтінді. Ақысына 100 000 теңге беремін деп келісті. Хамитов сол құжатты жасайтын Ормановқа барып, өзі дайын тұрған құжатты Асановқа өзім беремін деп алып, оны Асановқа апарып беріп 100 000 теңгені алды

31. Хамитовтың қоғамға қауіпті іс-әрекетінің субъективтік жағын анықтаңыз

- A) тікелей нақтыланбаған қасақаналық, пайдакүнемдік
- B) тікелей нақтыланған қасақаналық, пайдакүнемдік
- C) жанама нақтыланбаған қасақаналық, пайдакүнемдік
- D) жанама нақтыланған қасақаналық, пайдакүнемдік
- E) алдын ала ойластырылған қасақаналық, пайдакүнемдік

32. Асановтың қоғамға қауіпті іс-әрекетінің объектісін анықтаңыз

- A) мемлекеттік басқару мүдделері
- B) экономикалық қатынастар
- C) конституциялық құқықтар мен бостандықтар
- D) меншік құқығы және мемлекеттік қызметтің мүдделері
- E) мемлекеттік қызмет мүдделері

33. Хамитовтың қоғамға қауіпті іс-әрекетінің объектісін анықтаңыз

- A) мемлекеттік басқару мүдделері
- B) меншік құқығы және мемлекеттік қызметтің мүдделері
- C) мемлекеттік қызмет мүдделері
- D) экономикалық қатынастар
- E) конституциялық құқықтар мен бостандықтар

34. Асановтың әрекетін жіктеңіз

- A) пара беруге оқтану
- B) алаяқтық
- C) аяқталған пара беру
- D) парақорлыққа делдал болу
- E) заңсыз сыйақы беру

35. Хамитовтың әрекетін жіктеңіз

A) пара алу

B) заңсыз сыйақы алу

C) алаяқтық

D) салғырттық

E) қызметтік жалғандық жасау

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Аманов әйелімен жақын қарым-қатынаста болды деп күдіктенген Жандосовты өлтірмекші болады. Жандосовтың мекен-жайын біліп алып, үйінің жанында күтіп тұрып. Ол үйге кіріп шешініп жатқан жерінде артынан пышақ сұғып өлтіреді. Сол кезде асханадан апасы Алишерова шығып қалады. Аманов оны да өлтірмекші болып пышақ ала ұмтылады . Алишерова тез далаға шығып қашып құтылады.

36. Амановтың әрекетінде қылмыстың жиынтығының түрін анықтаңыз

- A) жалпы қайталану
- B) арнайы қайталану
- C) қауіпті рецидив
- D) нақты жиынтық
- E) идеалды жиынтық

37. Алишероваға қатысты Амановтың әрекетінде қасақана қылмыс жасау сатыларын анықтаңыз

- A) кісі өлтіруге оқталу
- B) қылмысқа дайындалу
- C) аяқталған қылмыс
- D) ниетті анықтау
- E) қылмыс жасау құралдарын дайындау

38. Жандосовқа қатысты Амановтың әрекеттерінде кінәсінің нысаны мен түрін анықтаңыз

- A) жанама ниет
- B) тікелей қасақаналық, нақты ниет
- C) менмендік
- D) немқұрайлық
- E) жанама, нақты ниет

39. Амановтың қоғамға қауіпті іс-әрекетінің объектісін анықтаңыз

- A) Адам өмірі мен денсаулығы
- B) Адам құқықтары
- C) Адам өмірі және қоғамдық тәртіп
- D) Адам өмірі
- E) Адам құқықтары және бостандықтары

40. Амановтың әрекетін саралаңыз

- A) екі және одан да көп адамды өлтіруге оқталу
- B) Жандосовты өлтіріп, Алишерованы өлтіруге оқталу
- C) қайталау әрекеті, Алферованы өлтіруге оқталу
- D) Жандосовты өлтіріп, Алишерованы өлтіруге дайындалады
- E) Жандосовты өлтіру, Алишерованы өлтіремін деп қорқытады

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.